



Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ №194 БҰЙРЫҒЫ*



Мемлекет Басшысының тапсырмасы: мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту

(Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысы)



*Қағидамыз – әділдік,
тірегіміз – жауапкершілік,
мақсатымыз – өрлеу*

Қ.Тоқаев

Тәрбие парадигмасын жаңарту
(Қазақстан Республикасы Президентінің
Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзіне сәйкес)




«АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС» ТҮЛЕКТІҢ МОДЕЛІ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Тәуелсіздік және Отаншылдық		Ұлттық мүддені ілгерілету
Бірлік және Ынтымақ		Ынтымақтастық пен әлеуметтік интеграция
Әділдік және Жауапкершілік		Қоғамға қызмет ету
Заң және Тәртіп		Құқықтық мәдениет және заңға құрмет
Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік		Еңбек белсенділігі және жоғары жетістіктерге ұмтылыс
Жасампаздық және Жаңашылдық		Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер



Құндылықтардың айларға бөлінісі

Қыркүйек

**«Еңбекқорлық және
кәсіби біліктілік» айы**

Қазан

**«Тәуелсіздік және
Отаншылдық» айы**

Қараша

**«Әділдік және
жауапкершілік» айы**

Желтоқсан

**«Бірлік және ынтымақ»
айы**

Қаңтар

«Заң және тәртіп» айы

Ақпан

**«Жасампаздық және
жаңашылдық» айы**

Наурыз

**«Тәуелсіздік және
отаншылдық» айы**

Сәуір

**«Еңбекқорлық және
кәсіби біліктілік» айы**

Мамыр

**«Бірлік және ынтымақ»
айы**

Маусым

**«Жасампаздық және
жаңашылдық» айы**

Шілде

«Заң және тәртіп» айы

Тамыз

«Заң және тәртіп» айы

АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

• КҮНДЕЛІКТІ

- **«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»:** үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас, т.б
- **«Өнегелі 15 минут»** - ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- **«Үнемді тұтыну»** - суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.
- **«Күй күмбірі»** - қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын

- **«Менің Қазақстаным»** - оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- **«Апта дәйексөздері»** - бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- **«Қауіпсіздік сабағы»** - жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

АТА-АНАЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

• МІНДЕТТЕРІ

- 1. ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;
- 2. мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту;
- 3. ата-аналардың жауапкершілігін арттыру

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- * 1. тәрбие ісі жөніндегі орынбасар жоспар және кесте құрады, бақылау жасайды.
- * Сынып жетекшілері, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, ҚББП жүзеге асырады;

Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу

Жобалар

Жобалар – бұл білім беру мен қоғамның әртүрлі аспектілерін жақсартуға, білім алушыларды, ата-аналарды, педагогтерді профилактикалық іс-шараларға тарту арқылы жеке құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған білім беру бастамалары

«Қамқор»

Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Еңбегі адал - жас өрен»

Білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«SMART BALA»

Инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Шабыт»

Білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Ұшқыр ой алаңы»

Тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

«Балалар кітапханасы»

Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру

Құндылықтардың түйінді құзыреттіліктермен, күтілетін нәтиже және оқу мақсаттарымен үйлестірілуі

Бастауыш мектеп		
Құндылықтар және түйінді құзыреттіліктер	Күтілетін нәтиже (ГОСО)	Оқу мақсаты (ТУПр)
Тәуелсіздік және отаншылдық: 1) мемлекеттік тілді білу; 2) мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне деген сүйіспеншілік таныту; 3) дәстүрлерді сақтау және құрметтеу; 4) отбасының құндылығын түсіну; 5) тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту және қоршаған ортаға қамқорлық жасау	«Адам және қоғам» Қазақстанның географиясы мен тарихы туралы жалпы мәліметтерді; Қазақстан халқының негізгі дәстүрлері мен фольклорын; Қазақстанның әлемдегі рөлі мен орнын; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін; жалпыадамзаттық құндылықтарды БІЛЕДІ; Қазақстанның жас азаматы ретінде өзін-өзі тану түріндегі өзінің азаматтық бірегейлігін және белгілі бір этносқа жататындығын; отбасының, кіші Отан мен Отанның құндылығын; көпұлтты қазақстандық қоғамның құндылықтарын; Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің маңызын; ұлттық салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың маңызын ТҮСІНЕДІ; Қазақстанның әлемдегі жағдайын; Қазақстан халқының мәдени-салттық дәстүрлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ТАЛДАЙДЫ	Пән: «Дүниетану» 3.5 <i>Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттік және патриотизм</i> <u>1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату;</u> 1.3.5.2 <i>тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу;</i> 1.3.5.3 <i>Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарын таныстыру</i> 2.3.5.1 <i>Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәнін түсіндіру;</i> 2.3.5.2 <i>бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау;</i> 2.3.5.3 <i>Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру</i> 3.3.5.1 <i>Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру ("Алтын адам", "Бәйтерек" монументі, "Мәңгілік Ел" қақпасы);</i> 3.3.5.2 <i>тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру</i> 4.3.5.1 <i>зерттеулер негізінде "Қазақстан" атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну;</i> 4.3.5.2 <i>Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлін анықтау.</i>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

13 Мемлекеттік рәміздер

Сабақта:

- мемлекеттік рәміздердің маңызын түсінесің;
- қолдану тәртібін анықтайсың.

Тірек сөздер

рәміз
Ту
Елтаңба
Гимн



Қазақстан туын көрсет. Оны қандай белгілеріне қарап таныдың?



Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен таныс.



Мемлекеттік Ту Мемлекеттік Елтаңба Мемлекеттік Гимн



Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Мемлекетіміздің өз жері, Конституциясы мен мемлекеттік **рәміздері** бар. Олар – **Ту, Елтаңба, Гимн**. Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің белгісі.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Отанымызды қорғау, рәміздерді құрметтеу – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті.

Мемлекеттік рәміздерге не жатады?

Құндылықтардың түйінді құзыреттіліктермен, күтілетін нәтиже және оқу мақсаттарымен үйлестірілуі

Бастауыш мектеп		
Құндылықтар және түйінді құзыреттіліктер	Күтілетін нәтиже (ГОСО)	Оқу мақсаты (ТУПр)
Заң және тәртіп: 16) өз құқықтары мен міндеттерін білуге, әдеп нормаларын, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық қағидаларын сақтауға; 17) қауіпсіздік қағидаларын, оның ішінде жол жүрісі қағидаларын білуге және сақтауға міндетті; 18) мұғалімдерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу шараларын қабылдау үшін көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау; 19) кемсітушілік пен құдалаудың кез келген түрінен аулақ бола отырып, өз мұғалімдерінің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге; 20) билік өкілдерін және олардың тәртіпті сақтаудағы рөлін құрметтеу;	«Адам және қоғам» Позитивті және достық қарым-қатынас ережелерін, этикет ережелерін, Оқушының құқықтары мен міндеттерін, салауатты өмір салты ережелерін біледі; Адамның қоғамдағы адамгершілік мінез-құлық нормаларын; мектеп, ауыл, қала, ел өміріне өзінің қатысуын; қоғамға қызмет етудің маңыздылығын; ойлардың, сөздер мен іс-әрекеттердің сәйкестігінің маңыздылығын, олар үшін жауапкершілікті түсінеді; Этикет ережелерін қолданады; отбасы мен ұжымда жағымды, достық қарым-қатынасты сақтау үшін қарым-қатынас ережелері; Адамның сезімдері мен іс-әрекеттерінің көріністерін, олардың себептері мен салдарын талдайды; өзінің эмоционалды жағдайы; Отбасылық, тұлғааралық және қоғамдық салалардағы коммуникация модельдерін синтездейді; өмір қауіпсіздігі, саяхатты ұйымдастыру бойынша жеке жобалар; өзінің рухани-адамгершілік дамуы бойынша шешімдер; Өзінің мінез-құлқын және айналасындағы адамдардың іс-әрекеттерін адамгершілік нормалары тұрғысынан бағалайды; отбасының, қоғамның, елдің әр адамның өміріндегі маңыздылығы; қазіргі өмірдегі дәстүрлер мен фольклордың рөлі; тұлғааралық, Әлеуметтік және қаржылық-экономикалық қатынастар саласындағы прогресс деңгейі; адамдардың мінез-құлқы жалпы қабылданған моральдық нормалар тұрғысынан.	Пән: «Дүниетану» Бөлім 1.5 Құқық және міндет 2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату; 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын түсіндіру 3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру 4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау; 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары, бостандықтары, міндеттерінен мысалдар келтіру Бөлім 1.2 Мектеп және мектеп қауымдастығы 1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңызын түсіндіру; 1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру; 3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну; 3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру; 3.1.2.3 қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру;

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

6 Мен елімнің азаматымын

Сабақта:

- құқық пен міндет туралы білесің;
- міндеттеріңді анықтап үйренесің.

Тірек сөздер

құқық
міндет



Суреттерді қолданып, ойды жалғастырып айт.

Мен Қазақстан Республикасының азаматымын.
Өйткені ...



Қазақстанда туған әр адам Қазақстан Республикасының азаматы болады.



Сен күн сайын мектепке барып білім аласың. Ауырып қалсаң, дәрігерлер емдейді. Кітапханадан кітаптарды тегін алып оқисың. Отбасыңмен бірге демаласың. Осының барлығы – сенің **құқығың**. Себебі сен еліміздің азаматысың.

Азаматтардың құқығы мен **міндеті** Конституциямызда жазылған. Конституция – еліміздің барлық азаматтарына ортақ заң.

Сенің қандай құқықтарың бар?
Конституцияда не жазылған?

ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ОТАНШЫЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Тәуелсіздікті түсіну және құрметтеу	Тәуелсіздіктің маңыздылығын түсіну: -Тәуелсіздік жолындағы жетістіктер тарихын білу; - мәдени мұраны құрметтеу; -ел дамуындағы тәуелсіздіктің рөлін түсіну	Тарихты білу, ұлттық мәдениетті құрметтеу, білімге ұмтылу.
Патриотизм	- Отанға сүйіспеншілік; - ел өміріне белсенді қатысу; - ел мүдделерін қорғау; - ел жетістіктері үшін мақтаныш.	Бастамашылық, белсенділік
Жауапкершілік	Отанның мүддесі үшін әрекет ету: - ел игілігінің жеке мүдделерден басымдығы; - елдің болашағы үшін жауапкершілікті түсіну; - қоғамның дамуына қосқан үлес қосу.	Жауапкершілік
Егемендікті қорғауға дайындық	Әлемдік сын-тегеуріндер жағдайында елді қорғау қабілеті: - батылдық пен шешім қабылдағыштық; - шешімдердің жылдамдығы мен салмақтылығы	Батылдық, шешімділік, шешім жылдамдығы, стратегиялық ойлау

БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Ұжымдық сана	Ортақ мақсаттар мен мүдделер туралы хабардар болу: - жеке және қоғамдық мүдделер арасындағы байланысты түсіну; - ел мен қоғамның тағдырымен өз тағдыры арасындағы сабақтастықты түсіну; - ортақ мақсаттарға жету үшін өзгелермен бірлесіп іс-әрекет етудің маңызын бағалау	Стратегиялық ойлау / командалық рух, ұйымшылдық қабілет
Өзара сыйластық	Пікірлер мен мәдениеттің әртүрлілігін құрметтеу: - адамдар арасындағы айырмашылықтарды қабылдау; - басқа көзқарастарға төзімділік таныту; - диалогқа және ымыраға келуге дайын болу.	Айырмашылықтарды құрметтеу, төзімділік, жаңаға ашықтық.
Қолдау және өзара көмек	Басқаларға көмектесуге дайын болу: - қиын жағдайға тап болған адамдарға жанашырлық таныту; - мұқтаж жандарға риясыз көмек көрсетуге ниетті болу; - волонтерлік қызметке қатысу.	Эмпатия, жанашырлық,
Сындарлы диалог және ынтымақтастық	Ынтымақтастық қабілеті: - тиімді қарым-қатынас орнату; - командада жұмыс істей білу; - барлық тараптарға тиімді шешімдерді іздеуге дайын болу.	Қарым-қатынас, дипломатия, ашықтық

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Заң алдындағы теңдік	Қоғамның барлық мүшелерінің заңды сақтауы: - заң және құқық нормаларын білу; - оларды бұзғаны үшін әділеттілікке және жазаның бұлтартпастығына сенімділік таныту; - өз құқықтарын заңды жолмен қорғауға дайын болу	Ереже мен заңды құрметтеу, заңға бағыну, жауапкершілік.
Шығармашылық плюрализм	Қоғамдағы конструктивті өзара әрекеттесуді қолдау: - әртүрлі көзқарастар мен сенімдерге құрметпен қарау; - диалогқа және келісімге келу жолдарын іздеуге дайын болу;	Ашықтық, сындарлы диалогқа қабілеттілік
Жеке тәртіп	Өзін-өзі ұйымдастыру және жауапкершілік: - өз уақытын пен ресурстарын басқару мүмкіндігі; - уәделер мен келісімдерді орындау; - өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау.	Тәртіп, әдептілік, ұқыптылық
Қиын жағдайлардағы тәртіп	Қиын жағдайларда сабырлылық пен тәртіпті сақтау: - нұсқаулыққа сәйкес әрекет ете білу; - қиын жағдайда басқаларға көмектесуге дайын болу.	стреске төзімділік, өзін-өзі ұстай білу, сабырлық, байсалдылық.

ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Құқықтардың тең бөлінуі	Өмірдің барлық салаларындағы әділеттілік: - қоғамның барлық мүшелеріне тең құқық пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; - кемсітушілік пен теңсіздікке жол бермеу; - білім алуға, денсаулық сақтауға және басқа да әлеуметтік игіліктерге қолжетімді болуын қамтамасыз ету; - игілік пен ресурстарды әділ бөлу; - адамның қадір-қасиеті мен жеке бас бостандығын құрметтеу;	Адалдық, объективтілік, риясыздық.
Міндеттерге жауапкершілікпен қарау	Өз міндеттерін саналы түрде орындау: - өзінің, отбасының, басқа адамдардың, қоғам мен мемлекет алдындағы өз міндеттерін орындаудың маңыздылығын түсіну; - өз іс-әрекеті үшін жауапкершілікті түсіну; - еңбекке және оқуға деген саналы көзқарас.	Тәртіп, мақсатқа талпынушылық, өзін-өзі бақылау.
Құқықтық мәдениет	Заң мен адам құқықтарын құрметтеу: - заң және өз құқығы мен міндеттерін білу; - басқа адамдардың заңды мүдделерін, құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу; - құқықтық білімді өмірде қолдана білу;	Байсалдылық, парасаттылық, заңға бағынушылық, басқаларды құрметтеу, өзгенің пікірін құрметтеу

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Білім мен дамуға ұмтылу	Білім мен дағдының құндылығын түсіну: - табысқа жету үшін білім мен өздігінен білім алудың маңыздылығын түсіну; - өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу; - жаңа білімді және дағдыларды меңгеруге ұмтылу; - мақсат қоя білу және оған қол жеткізу; - өз қателіктерінен сабақ алу қабілеті.	Мақсатқа талпынушылық, табандылық, қызығушылық.
Бастамашылдық және мүмкіндіктерді пайдалану	Белсенді өмірлік ұстаным: - өз бетінше мақсат қоя білу және оларға қол жеткізу; - өз дағдылары мен құзыреттерін дамыту үшін түрлі мүмкіндіктерді өз бетінше тауып, пайдалана білу; - жұмысты орындау үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу; - қиындықтар мен кедергілерді жеңуге деген сенімділік.	Іскерлік, өзін-өзі ынталандыру
Жұмысқа жауапкершілікпен қарау	Өз міндеттерін саналы түрде орындау: - өз кәсібіне адал көзқарас; - өз жұмысының нәтижесіне жауапкершілікті сезіну; - ортақ іске үлес қосу.	ұқыптылық, табандылық
Ұтқырлық және өзгерістерге дайын болу	Жаңа мүмкіндіктерге ашықтық: - білім алу немесе жұмыс істеу үшін басқа қалаға, облысқа немесе елге қоныс аударуға дайын болу; - өмір сүрудің және еңбек етудің жаңа жағдайларына бейімделу мүмкіндігі; - ой-өрісті және мәдени тәжірибені кеңейту; - өзгерістерге позитивті көзқарас.	Бейімділік, икемділік, жаңашылдыққа ашықтық.
Ұтқырлық және өзгерістерге дайын болу	Жаңа мүмкіндіктерге ашықтық: - білім алу немесе жұмыс істеу үшін басқа қалаға, облысқа немесе елге қоныс аударуға дайын болу; - өмір сүрудің және еңбек етудің жаңа жағдайларына бейімделу мүмкіндігі; - ой-өрісті және мәдени тәжірибені кеңейту; - өзгерістерге позитивті көзқарас.	Бейімділік, икемділік, жаңашылдыққа ашықтық.

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДЕКОМПОЗИЦИЯЛАУ

Компонент	Сипаттамасы	Жеке қасиеттер
Шығармашылық ойлау	Жаңа идеяларды тудыру қабілеті: - проблемаларды шешудегі стандартты емес тәсіл; - ассоциативті ойлау және заттар арасындағы жаңа байланыстарды көре білу қабілеті; - тәуекелге және сәтсіздікке дайын болу.	Жасампаздық, қиял, білуге құмарлық.
Кәсіпкерлік бастама	Идеяларды іске асыру ниеті: - мақсат қоя білу және оған қол жеткізу; - өзіне жауапкершілік алуға дайын болу; - іскерлік және мақсатқа талпынушылық.	Бастамашылдық, жауапкершілік, табандылық
Инновациялық ойлау	Проблемаларды шешудің жаңа тәсілдерін іздеу: - стандарттан тыс ойлау және әдеттегі әрекеттерінің шеңберінен шыға білу қабілеті; - ақпарат пен шабыттың жаңа көздерін іздеу; - өзгерістер мен жаңашылдыққа дайын болу.	Жаңалыққа ашықтық, сыни тұрғыдан ойлау, аналитикалық ойлау.
Цифрлық сауаттылық	Заманауи технологиялармен жұмыс істей білу: - цифрлық технологиялардың даму мүмкіндіктері мен болашағын түсіну; - цифрлық құралдармен жұмыс істей білу; - инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға және пайдалануға белсенді қатысу.	Цифрлық сауаттылық, бейімділік, білімге құштарлық.
Инновациялар үшін әлеуметтік жауапкершілік	Инновацияның этикалық және құқықтық аспектілері: - жаңа технологияларды енгізудің ықтимал салдарын түсіну; - инновацияларды пайдалануға жауапкершілікпен қарау; - технологияны дамытуға қатысты талқылаулар мен шешімдер қабылдауға қатысу.	Әлеуметтік жауапкершілік, болжағыштық, этикаға сәйкестік.